



БАЙТЕРЕК



Аумақтық ақпараттық-танымдық апталық



2004 жылдың 27 қазанынан шыға бастады

● САПАР



АЙМАҚ БАСШЫСЫ Н.НӘЛІБАЕВ: СПОРТ КЕШЕНДЕРІ ЖАСТАРДЫ СПОРТҚА ТАРТАТЫН ТӘРБИЕ ОШАҒЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өзінің іс-қимыл бағдарламасы аясында өткен апта соңында ауданымызға жұмыс сапармен келді.

Алдымен ол облыстық құқық қорғау органдарының басшыларымен бірге жаңадан ел игілігіне пайдалануға берілген «Руханият» орталығының жұмысымен танысып, тұрғындардың өтінішімен жеке қабылдау өткізді.

Қабылдауға келген қармақшылықтар негізінен электр желілерін жаңғырту, көшелерге жөндеу жүргізу, теміржол үстінен көпір салу, газ сапасын тексеру, жарық бағаналарын орнату, балалар ойын алаңын салу, тағы басқа мәселелерді көтерді.

Клуб үйін салып беру жайлы мәселе көтерген Т.Көмекбаев ауылының тұрғынына аймақ басшысы бұл нысанға 6,9 миллион теңге қаржы бөлініп, мемлекеттік сараптамадан оң қорытынды алынғанын айтса, аудан орталығындағы көшелерді жөндеуден өткізу туралы айтқан Жосалы кентінің тұрғынына кенттің 11 көшесін жөндеуге қаржы бөлінгені, жақын арада мемлекеттік сатып алу жұмыстары басталатынын жеткізді.

Сонымен қатар, қабылдауға келген тұрғындар құқық қорғау органдары басшыларына қойған сұрақтарына заң аясында жауап алды.

Ауданымызға сапарында аймақ басшысы еңбек ардагерлерімен және зиялы қауым өкілдерімен кездесіп, ауданның даму бағыты, түйткілді мәселелерді шешу жолдары туралы пікір алмасты. Және де «Руханият» орталығындағы мұражайға қойылған құнды жәдігерлермен, жас оқырмандармен жүздесіп түрлі тақырыпта әңгіме өрбітті.

Келесі кезекте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық Мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов, қоғам қайраткерлері Бекмырза Еламанов және Бигали Қаюповпен бірге III Интернационал және Дүр Оңғар ауылдарындағы дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің ашылуына қатысты.

Салтанатта облыс әкімі екі ауыл тұрғындарын жаңа нысандардың ашылуымен құттықтап, Сыр спортындағы жетістіктер туралы әңгіме өрбітті.

«Бүгін берекесі мен бірлігі жарасқан Қармақшы ауданында жаңа спорт кешендерін ел игілігіне табыстауға жиналдық. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы XXXIII жазғы

Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуінде: «Бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деген болатын. Бұл бағытта облыс тұрғындарының спортпен шұғылдануына қолайлы жағдайлар жасалуда. Өткен жылы қазан айында Қызылорда қаласында «Үстел теннисі орталығы» іске қосылды. Халықаралық стандарттарға сай келетін 11 мың орындық Орталық стадион салынуда. Нысан биыл мамыр айында пайдалануға беріледі. Жақын күндері Қызылорда қаласында 19 миллиард теңгеге көпбейінді «Қызылорда Арена» және 2 миллиард 900 миллион теңгеге дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінің құрылысы басталады. Қармақшы ауданында спорт саласындағы жұмыстар жасқы жолға қойылған. Қазіргі таңда аудандағы спорт мектептерінде 3 мыңға жуық жастар мен жасөспірім спорттың әр түрін шұғылдануда. Өткен жылы аудан спортшылары республика чемпионаттарында 18 алтын, 25 күміс, 18 қола, Азия чемпионатында 1 алтын, 1 күміс, 3 қола, Әлем чемпионатында 1 қола медаль жеңіп алды. Халқымызда «Дені саулық – жаны сау» деген жақсы сөз бар. Сыр жастарының спортпен шұғылданып, байрақты бәсекелерде топ жаруына заманауи үлгідегі спорт нысандарының үлесі зор. Бүгін ашылған жаңа спорт кешендері ауыл тұрғындарын салауатты өмір салтын ұстануға үндейтін, жастарды бұқаралық спортқа тартатын тәрбие ошағы болсын дегіміз. Жаңа спорт ғимараттары құтты болсын!», – деді Н.Нәлібаев.

Айта кету керек, екі елді мекенде ашылған дене шынықтыру-сауықтыру кешендері 120 спортшының спортпен жан-жақты шұғылдануына арналған. Онда қазақ күресі, дзюдо, шахмат және тоғызқұмалақпен шұғылдануға арналған жаттығу залдары бар. Және заман талабына сай жаттығу құрылғылары орнатылған.

Спорт кешендерінің ашылу рәсімінде аймақ басшысы спорт саласының қызметкерлері мен ардагерлеріне Алғыс хаттар табыстайды.

Сондай-ақ, шарада қоғам қайраткерлері, Қызылорда облысының Құрметті азаматтары Бекмырза Еламанов пен Бигали Қаюпов жұртшылықты жаңа спорт кешендерімен құттықтап, жылы лебіздерін білдірді.

«Бәйтерек-ақпарат»

● ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ

МАХАНБЕТЖАН АЛДАНБЕРГЕНОВ



Алданбергенов Маханбетжан 1925 жылы қазан айында Қазалы ауданында дүниеге келген. Балалық шағы осы жерде өткен. Ұлы Отан соғысына қатысушы, Төретам кенті, Құлқашев көшесі, №44 үйде тұрған.

1941 жылдың аяғына дейін Қазалы педучилищесінде оқып, 1942 жылы Қазалыдан әскерге алынған. Қиыр Шығыс, Забайкалье, Жапон шекарасы, Маньчжурия, 36-шы Боготой шекарасында майданда болған.

1944 жылы наурыз айында барлаушы ретінде Жапонияға өткізілген 7 адамның қатарында 1945 жылдың қыркүйек айына дейін барлаушы болып әскери қызмет етіп, 1946 жылы наурыз айында Жоғарғы Кеңес Жарлығымен елге қайтқан.

1957 жылы Қызылорда қаласындағы Гоголь атындағы педагогикалық институтының тарих факультетін сырттай бітірген.

1946-1948 жылдар аралығында мамандығы бойынша Майлыбаш казак орталау мектебінде директор;

1948-1950 жылдары Қазалы қой совхозында Коммунистік партия комитетінің хатшысы;

1951-1953 жылдары Жосалы стансасындағы №70 орыс мектебінде орыс тілі пәнінің мұғалімі;

1953-1958 жылдары Арал ауданына қарасты Сексеуіл стансасы №11 теміржол 10 жылдық орыс мектебінде директор;

1959-1967 жылдары Қорқыт стансасында №126 мектебінде менгеруші;

1967 жылы Төретам қыстағына көшіп келіп, 1967-1969 жылдары №417 мектепте

тарих пәнінің мұғалімі;

1969-1974 жылдары коммунистік партияның жолдамасымен Байқоныр саяси бөлімінде инспектор болып қызмет істеген. XIX Коммунистік партия конференциясына делегат болып қатысқан.

1974-1985 жылдары Ленинск калалық мұнай базасының бастығы қызметін атқарып, 1986 жылы зейнет демалысына шыққан.

1946 жылы жолдасы Хадиша Іскендірқызымен бірге 10 бала тәрбиелеп өсірген.

Майдангер «Ұлы Отан соғысы» және «Қызыл жұлдыз» ордендерінің, сонымен қатар «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысына-25, 30, 40, 50 жыл», «КСРО Қарулы Күштеріне - 60, 70 жыл», «Жапонияны азат еткені үшін», «Маршал Г.Жуков», «Октябрь Революциясына-70 жыл», «Байқонырдың Құрметті ардагері» және басқа да медаль-төсбелгілермен марапатталған.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ

● ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

ДЕПУТАТТАР ХАЛЫҚ АРАСЫНДА



Кеше облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов және облыстық мәслихат депутаттары Жанкелді Ысқақ, Ерлан Қалиев, Орынбасар Төлепов ауданымызға іс сапармен келіп, бірнеше ауылда, атап айтқанда III Интернационал, Дүр Оңғар, Иіркөл ауылдары мен Жосалы кентінде сайлаушылармен кездесіп, аталмыш елді мекендердегі өзекті мәселелерді талқылады.

Облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тілеуімбетов аймақ басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан іргелі істер, алда уақытта іске асырылатын жобалар туралы баяндалды.

Сондай-ақ, облыстық мәслихаттың алдағы жоспарына, депутаттармен, жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп атқарылатын жұмыстарға тоқталды. Халықтың тұрмысын, өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға бағытталған шараларды тілге тиек етті.

Ал, өз кезегінде тұрғындар газдандыру, балабақша ашу, кітапхана, көшелерді жөндеу, шлюз салу, кәріз жүйесі, жайылымдық жер, азық-түлік бағасының қымбаттауы, туризмді дамыту және білім саласы, басқа да түйткілді мәселелерді көтерді. Сонымен қатар, осындай ашық диалогтың маңызын атап өтіп, ризашылықтарын білдірді.

Елді мекен тұрғындарымен өткен кездесулерде Мұрат тілеуімбетовпен бірге аудандық мәслихат төрағасы Әділ Қошалықов, аудандық мәслихат депутаттары, ардагерлер және қоғамдық кеңестерінің төрағалары Аскар Мереков пен Әбдірахман Құлдүйісов, ауыл әкімдері мен сала мамандары қатысты.

Сондай-ақ, халық қалаулылары III Интернационал ауылындағы «Достық» бөбекжай-бақшасының жай-күйімен танысты.

Өз тілшімізден

ЖАНДОС ЕРКІНБЕК

Қармақшы ауданының әкімі:

«Аудан тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатында Жосалы кентіндегі «Тәуелсіздік» шағын ауданының тұрғын үйлеріне су құбыры желісін жеткізумен бірге, кентшілік су құбыры желісін салу жұмыстарына 9,5 миллион теңгеге жоба-сметалық құжаттамасы әзірленіп, сараптамадан оң қорытынды алынды. Жоба құны 2,5 миллиард теңге. Жобаға қаражат бөлдіру мақсатында бюджеттік өтінім тапсырылды.

Елді мекендер халқын таза ауыз сумен қамту мақсатында биылғы жылы Ақжар, Ақтөбе, Қуандария елді мекендерінде сумен жабдықтау құрылысын реконструкциялау жобаларына сараптаманың оң қорытындысы алынып, республикалық бюджеттен қаржыландыруға 631,1 миллион теңгеге бюджеттік өтінім жолданады.

Аудан бойынша тозығы жеткен электр желілерді қайта жаңғырту бүгінгі күнге өзекті мәселелердің бірі. Осы орайда, 4 елді мекеннің (Нөмекбаев, Ақтөбе, Иіркөл, Дүр Оңғар) электр желілерін қайта жаңғыртуға қаржысы бөлініп, бүгінгі күні Ақтөбе және Т.Нөмекбаев елді мекендерінде электр желілерін жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Иіркөл ауылында электр желілеріне жаңғырту, құрылыс монтаждау жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, демеушілік есебінен Дүр Оңғар ауылының электр желілерін қайта жаңғырту бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, құрылысын бастауға 388,6 миллион теңге аудандық бюджеттен бөлініп, құрылыс жұмыстары жүргізілуде. Осы жұмыстарды жалғастыру мақсатында аудандық бюджеттен Қуандария, Ақжар, III Интернационал, Алдашбай ахун, Қармақшы ауылдарының электр желілерін қайта жаңғырту бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленіп, қазіргі таңда бюджеттік өтінім жолдау жұмыстары атқарылуда.

Сонымен қатар, демеуші есебіненТұрмағамбет ауылының электр желілерін қайта жаңғырту бойынша жоба-сметалық құжаттары әзірленуде.

Жосалы кентінің тұрғындары үшін өзекті мәселенің бірі –Мырзағалиева көшесінде темір жол өткелі. Қазіргі таңда құрылыстың жоба-сметалық құжаттамасына қаржы қаралып, жобасы әзірленді. Жоба құны 5,5 миллиард теңге».

● МЕРЕЙ

ЕҢБЕКТІҢ БИІК ШЫҢЫ – ҚҰРМЕТТІ ЗЕЙНЕТКЕРЛІК

Өткен апта соңында Жосалы кенті әкімдігінің ұйымдастыруымен осы ұжымда Жосалы кентінің өркендеуіне сүбелі үлесін қосуда ұзақ жыл еңбек еткен Қадия Тұрсынбаева мен Жұбаназар Жұматайұлының құрметті зейнеткерлік демалысына шығарып салу рәсімі өтті.

Шарада Жосалы кентінің әкімі Алмасхан Досмұратов мерейтой иелерін құрметпен зейнеткерлік демалысқа шығаруымен құттықтап, қазақы дәстүрмен біріне шапан, біріне камзол жапты және де басқа да сый-құрмет көрсетіп, жүрекжарды жылы лебізін білдірді.

Содан соң сөз алған ұжымдастар да әріптестеріне ізгі ниеттен шыққан жылы лебіздерін арнап, мерейтой иелеріне ыстық ықыластарын арнады.

Ал, осындай құрметке бөленген мерейтой иелері Жұбаназар Жұматайұлы мен Қадия Тұрсынбаева шараны ұйымдастырушыларға алғұсыз алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ



Дауылкөл ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер Алмағанбетов Бақтияр Аманкелдіұлының өмірбаяны



Мен, Алмағанбетов Бақтияр Аманкелдіұлы 1981 жылдың 10 мамырында Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Тұрмағамбет ауылында дүниеге келдім.

1987-1998 жылдары Тұрмағамбет Ізтілеуов атындағы №29 орта мектепте білім алдым.

2003-2005 жылдары Қызылорда қаласындағы Заң колледжін «Зантану» мамандығы бойынша арнаулы маман ретінде тәмамдадым. Әрі қарай Қызылорда қаласындағы Қазақ Гуманитарлық Заң университетінде «Зантану» мамандығы бойынша жоғары білім алдым.

Еңбек жолымды Қызылорда қаласындағы «Қазақстан РТРК» АҚ Қызылорда облыстық филиалында күзет қызметкері болып бастадым.

Содан соң, яғни 2014 жылдан 2021 жылға дейін Дауылкөл ауылдық округі әкімі аппаратында инспектор, жетекші маман, ал 2021 жылдан бастап осы уақыт аралығында Дауылкөл ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы қызметін атқарып келемін.

Жанұялымын, Отбасымды 3 ұл, 1 қыз тәрбиелеудемін.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер мені жерлестерім Дауылкөл ауылдық округ әкімі етіп сайлар болса мен туған елімнің өсіп-өркендеуі жолында төмендегі бағдарлама арқылы жұмыс жүргіземін:

- Ауылдық округтің экономикалық жағдайын тұрақтандыру мен көтеру мақсатында тиісті шаралар қабылдаймын және әлеуметтік ахуалды көтеруге ықпал етемін;

- Ауыл тұрғындарының әлеуметтік жағдайын көтеру, тұрмысы төмен отбасыларға барлық жағынан көмек көрсетуге жұмыс жасаймын;

- Ауылды абаттандыру, көркейту-көгалдандыру, көшелерді жарықтандыруды басты назарда ұстаймын;

- Салық түсімін арттыру бағытында және бюджетке басқа міндетті түсімдерді жинауға жәрдемдесемін;

- Ауылдық округ аумағында елдің бірлік-берекесін сақтау, ел ішінде атқарылатын барлық іс-шаралардың жүргізілуін тұрғындармен ақылдаса отырып шешім қабылдаймын, ұлттық мәдени құндылықтарды насихаттап ауыл жастарының тәрбиесіне мән беремін;

- Ауылдағы кәсіпкерлерді қолдау, шаруа қожалықтарын ұйымдастыруға, кәсіпкерлік қызметті дамытуға жәрдемдесіп, жаңа жұмыс орнын ашуға ықпал жасаймын;

- Ауылдық округте жұмыссыз жүрген азаматтар мен жас мамандар үшін қоғамдық жұмыстар мен жастар практикасын және әлеуметтік жұмыс орындарын ашуға жағдай жасаймын;

- Ауылдық округ көшелеріндегі тозығы жеткен электр желілері мен бағаналарын ауыстырып, ретке келтіруге септігімді тигіземін;

Тапсырыс беруші Дауылкөл ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер Б.Алмағанбетов. Ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді

- Ауылдық округтегі тұрмысы төмен отбасыларға мемлекеттен тиесілі атаулы әлеуметтік көмектерінің уақытылы алуын қамтамасыз етемін;

- Халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз топтарын, еңбекке жарамсыз, мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қамқорлыққа алып, қайырымдылық және әлеуметтік көмек шараларын ұйымдастыруға ықпал етемін;

- Ауыл кәсіпкерлеріне қолдау көрсетуге, мемлекеттік бағдарламалардың халыққа қолжетімді болып, жаңа жұмыс орындарының ашылуына жұмыс жасаймын;

- Әр отбасының табысты болуы үшін жұмыссыздықты азайтып, кәсіпкерлікті дамыту бағытында мемлекеттік бағдарламалардың тиімді жүзеге асуына қолдау жасап, салық түсімдерін ұлғайтуға жұмыс жасаймын. Ауыл тұрғындары үшін негізгі табыс көзі болып табылатын төрт түлкі мал басын асылдандыра отырып, оны көбейту бағытында жұмыстар атқарып, табиғи таза азық-түлікпен қамтамасыз ету мақсатында бақша дақылдарын егу үшін қолдау көрсетемін;

- Әрбір ауыл тұрғынының өтініші, ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының заңдылықтарына сәйкес жұмыс жасалып, көтерілген мәселелердің оң шешілуіне көмек көрсетемін;

- Ауылда аяқ су мәселесін шешуге жұмыс жасаймын.

Осы сайлауалды бағдарламаның орындалуына күш-жігерімді, қабілетім мен білімімді жұмсай отырып, елдің ауызбіршілікте өркендеуіне аянбай жұмыс жасайтынымна сенім білдіремін.

Дауылкөл ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер Зайыров Сабырхан Дүйсенбайұлының өмірбаяны



Мен, Зайыров Сабырхан Дүйсенбайұлы 1993 жылы Дауылкөл ауылдық округінде, яғни Тұрмағамбет ауылында дүниеге келдім.

Сол ауылдағы Тұрмағамбет Ізтілеуов атындағы №29 орта мектепте білім алып, оны тәмамдаған соң 2010-2014 жылдары Қ.И.Сәтпаев атындағы қазақ ұлттық техникалық университетінде, әрі қарай 2014-2016 жылдары Қызылорда қаласындағы Қорқыт ата мемлекеттік университетінің «Агрономия» факультетінде жоғары білім алып шықтым.

Еңбек жолымды 2015 жылы Қызылорда қаласындағы «МЖЗ-Шапағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде бұрғылаушының көмекшісі болып бастап, әрі қарай, нақтысын айтқанда 2017-2019 жылдар аралығында Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінде статист;

2019-2023 жылдары Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің бас маманы, Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы және жер қатнастары бөлімінің бас маманы;

2023 жылдан бастап бүгінде сол мекеменің ауыл шаруашылығы секторының меңгерушісі қызметін атқарып келемін.

2020 жылы жыл қорытындысымен «Ауыл шаруашылығы саласы бойынша жыл үздігі» номинациясының иегері, сондай-ақ бірнеше рет облыс, аудан әкімдерінің алғыс хаттарымен марапатталдым.

Отбасымда екі бала тәрбиелеп отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Құрметті жерлестерім! Елің құрметтеген, туған жерің сүйген әрбір арлы азамат өзінің туып-өскен еліне қызмет етуін – азаматтық парызым деп есептейді.

Халқының әл-ауқатының артуына, ел экономикасының өсуіне үлес қосу оның міндеті деп білемін.

Егер мен Сіздерің қалауларыңызбен Дауылкөл ауылдық округіне әкім болып сайланған жағдайда өзімнің алдыма мақсат етіп қойған төмендегі бағдарлама арқылы Тұрмағамбет ауыл тұрғындарының келешегі үшін өмірлік тәжірибемді, күш-жігерімді жұмсауға даярмын.

Оның ішінде, өзін өсіп-өнген ауылдағы еңбек ардагерлері мен тұрмысы төмен отбасылардың, жұмыссыз жастардың талап-тілектерін тиісті орындарға жеткізуге;

- Ауыл көшелеріне күрделі жөндеу жүргізуге, көркейткіп көгалдандыруға, демалыс орындарын, спорт алаңдарын салуға;

- «Денсаулық – салауатты өмір салты» дегендей, тұрғындар арасында саламатты өмір қалыптастыру арқылы жерлестерімің денсаулықтарын нығайтуға;

- «Жастар біздің болашағымыз» дегендей, олардың келешегіне біз жауаптымыз. Сондықтан да өңірде қатар саясатын жүйелі жүргізе отырып, олардың теріс қылықтардан аулақ болуы үшін тәрбие жұмыстарына ерекше көңіл бөліп, ата-аналар мен білім саласы қызметкерлерінің жауапкершілігін арттыруға;

- Тұрғындар, оның ішінде жастар арасында орта және шағын кәсіпкерлікті дамыту арқылы жұмыс көздерін ашып, кәсіпкерлердің төмен пайызбен несие алып жұмыс жасауына, өңірімізде жұмыссыздықты азайтуға;

- Ауыл тұрғындары арасында бақша дақылдарын, картоп, көкөніс егуге қолдау көрсетуге;

- Үкіметтік емес ұйымдарымен, құқық қорғау

органдарымен бірлесіп отырып, кентте қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге;

- Ауылымызда өнерлі, дарынды жастар көп. Таланты тасыған жастардың түрлі деңгейдегі жарыстар мен байқауларға қатысуларына қолдау көрсетуге;

- Еңбек адамын бағалау борышымын. Сондықтан менің бағдарламамның негізгі мақсаттарының бірі – еліміздің өркендетіп, әлемдегі экономикасы дамыған, халқының әлеуеті артаң алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарына енуі жолында қызмет етуге;

- Ауыл жастарын бұқаралық спортпен шұғылдануға, талантты спортшылардың түрлі деңгейдегі жарыстарға қатысуларына ықпал жасауға қолдау көрсетемін.

Құрметті жерлестер!
Әрбір азамат үшін басты міндет ол өзі өсіп-өнген ауылының өркендеуіне перзенттік парызын қосу. Сондықтан да мен талай дарын иесіне атамекен болған туған жерім – Тұрмағамбет ауылының экономикасының нығайуына, халқының әлеуетінің артуына, әріне Сіздердің қолдауларыңызбен өмірлік тәжірибемді арнаймын.

Ел мүддесі – менің мүддем. Сондықтан да ел игілігіне қызмет ету мен үшін абырой.

Тапсырыс беруші Дауылкөл ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер С.Зайыров. Ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді

Дауылкөл ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер Сүлейменов Ринат Таңатарұлының өмірбаяны



Мен, Сүлейменов Ринат Таңатарұлы 1984 жылы 22 наурызда Қызылорда облысы, Қармақшы ауданы, Жосалы кентінде дүниеге келдім.

Жосалы кентіндегі Шоқан Уәлиханов атындағы №26 орта мектепте білім алдым. 2001-2004 жылдары Алматы қаласындағы аграрлық колледжінде «Ветеринарлық фельдшер» мамандығы бойынша арнаулы білім алдым. 2006-2007 жылдары Қазақ Ұлттық Аграрлық Университетінде «Ветеринариялық санитария» мамандығы бойынша жоғары білім алып, ветеринарлық дәрігер маманы атандым.

Еңбек жолымды 2006 жылы Қазақ Ветеринарлық Ғылыми институтының «Құс аурулары» зертханасының аға лаборанты болып бастап, әрі қарай, яғни 2012 жылға дейін аталмыш мекемеде биотехнология, микроорганизмдер генофонды, паразитология зертханаларының ветеринар дәрігері, маманы, кіші ғылыми қызметкері, сонымен қатар әлеуметтік жұмыс орны есебінде жұмысшы болып жұмыс істедім.

2012 жылдан 2020 жылға дейін Қармақшы аудандық ветеринариялық стансасында учаскелік ветеринар дәрігер, эпизоотолог дәрігер қызметін атқардым.

Ал, 2020 жылдан бастап, осы уақыт аралығында Қармақшы аудандық ветеринариялық стансасы бастығының орынбасары қызметін атқарып келемін.

Ветеринария, микробиология, иммунология, вирусология, эпизоотология, құстардың инфекциялық патологиясы бойынша ғылыми мақалалар жаздым, 3 инновациялық патенттің авторымын, «Қазақстанның Құрметті мал дәрігері» төсбелгісінің иегерімін.

Жанұялымын. 3 бала тәрбиелеп отырмын.

САЙЛАУАЛДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ

Егер мені өздеріңіздің қалауларыңызбен Дауылкөл ауылдық округінің әкімі қызметіне сайлаған жағдайда өзімнің білімім мен өмірлік тәжірибеммен ауыл тұрғындарының әлеуетін арттыру мақсатында төмендегі жоспарларым арқылы жұмыстар жүргізуді алдыма мақсат етіп қойып отырмын:

- Ауыл тұрғындарының жағдайын жақсартуға, медициналық қызметтің тиімділігін арттыруға, ауылда ауыз және аяқ судың, жарықтың тұрақты берілуіне ықпал жасаймын;

- Қоғамда сыйбайлас жемқорлыққа жол бермеу және оның алдын алу шараларын жасауға күш саламын;

- Жастар арасындағы жұмыссыздықты жою және олардың бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға атсалысамын;

- Тұрғындармен үнемі байланыста болып, олардың мүдделері мен ұсыныс-пікірлерін күзретті мекемелерге уақытылы жеткізу, оның орындалуына тікелей араласамын;

- Аз қамтамасыз етілген жаңаулардың тұрмыс жағдайларын назарға ала отырып, заңдармен белгіленген қамқорлықтарды пайдалануына ықпал етемін;

- Кәсіпкерлікті одан әрі дамытуға ықпал ету, шаруа қожалықтары мен кәсіпкерлікті қолдау туралы заңдардың жүзеге асуына атсалысамын;

- Қоршаған ортаны экологиялық сауықтыру

шараларының жүзеге асырылуына атқарылатын іс-шаралардың қаржылық қамтамасыз етілуіне жұмыс жасаймын;

- Ауылда өзін-өзі басқарудың, оның беделінің артуына үлес қосармын;

- Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасылар мен көпбалалы аналардың мұн-мұқтажын заң аясында шешуге жұмыс істеймін;

- Ауыл көшелеріне жөндеу жүргізу, «менің ауылым осындай» деп атауға ұялмайтындай етіп көрсету мақсатында абаттандыру, жарықтандыру жұмыстарын ұйымдастырамын;

- Ауыл әкімінің қызметі әрдайым халық үшін ашық, жариялы болу мақсатында күнделікті қабылдау уақыты, жүйелі кездесулер және тұрғындармен басқа да байланыстарды орнатуға ұйымдастыру, ауылдың өсіп-өркендеуіне тұрғындардың жауапкершіліктерін арттыруға жұмыс жасаймын.

- «Туған жердің түтіні де ыстық» дегендей, қазақ еліне «Жүз жыраудың мекені» атанған ауылымызды мақтан ететіндей озық, үлгілі ауыл етуге қызмет етемін;

- Тұрғындар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыруға, тіл, дін мәселелеріне сергек қарауға ықпал жасаймын.

Құрметті сайлаушылар, мен жоғарыда айтылған міндеттерді орындауда өз күш-жігерімді жұмсауға дайынмын.

Тапсырыс беруші Дауылкөл ауылдық округі әкімі қызметіне үміткер Р.Сүлейменов. Ақысы облыстық бюджет қаражатынан төленді

ҚАЛАЛЫҚ СОТ ТӨРАҒАСЫ БРИФИНГ ӨТКІЗДІ

Байқоңыр қалалық сотының төрағасы Жанәділ Абылайұлы Үсен 2024 жылдың 12 айы бойынша сот төрелігін жүзеге асырудың қорытындыларына арналған брифинг өткізді.

Брифингке «Бәйтерек», «Қармақшы таңы» газеттерінің тілшілері онлайн форматта қатысты.

Байқоңыр қалалық сотының төрағасы соттың жұмысына қатысты негізгі статистикалық деректер мен үрдістерді, сот жүйесінің басты жетістіктерін, кассациялық соттың құрылуын атап өтті.

2024 жылдың 12 айында азаматтық істер бойынша сот өндірісіне 710 арыз бен 26 іс келіп түскен, 2023 жылдан қалдыкқа 35 іс қалған. Осы өндіріске түскен 710 арыз бойынша 527-не азаматтық іс қозғалса, 8 арызды қабылдаудан бас тартылып, 73-і қайтарылған, 5 арыз қалдықта қалған, 108-не сот бұйрығы шығарылған.

2024 жылдың 12 айында қылмыстық істер бойынша 45 қылмыстық іс түсіп, 2023 жылдан қалдықта 3 іс қалған. Соның ішінде, 2024 жылы сот өндірісінде барлығы 46 адамға қатысты 42

қылмыстық іс қаралып аяқталған, қалдықта 6 адамға қатысты 6 іс қалған.

2024 жылдың 12 айында әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қалалық сот өндірісіне 102 әкімшілік құқық бұзушылық іс түскен, оның 102-ы аяқталған, қайтарылған, соттылығы бойынша жолданған және біріктірілген істер болмаған.

2024 жылдың 12 айында әкімшілік іс жүргізумен 2 арыз келіп түскен. Аталған арыздар қайтарылған.

Брифинг соңында тілшілер сұрақ қойып, сот тәжірибесінің өзекті мәселелерін талқылауға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, газет тілшілері сотпен байланыстарын ары қарай дамытып, нығайту үшін өздерінің ұсыныстарымен бөлісіп, алдағы уақытта ауқымды шаралардың жоспарларымен бөлісті.

Брифинг соңында газет тілшілері Байқоңыр қалалық сотының төрағасына жаңа қызметімен құттықтап, ізгі тілектерін білдірді.

«Бәйтерек-ақпарат»

Қоғамдық тыңдауларды өткізу туралы хабарландыру

ЖШС GREENORDA PROJECT: Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, пл.9 УСОГ мекен-жайында орналасқан Қатты Тұрмыстық Қалдықтар полигоны үшін атмосфераға зиянды заттардың рұқсат етілген шығарындыларының нормативтері жобасы бойынша қоғамдық тыңдаулар ашық отырыс түрінде өткізіледі.

Аумағына ықпал ету мүмкін болатын және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік аумақ: Төретам кенті, Байқоңыр қаласы.

1. Қоғамдық тыңдау 2025 жылдың 20 наурыз сағат 10:00-да Төретам кенті, Жанқожа батыр көшесі, №16 өткізіледі.

Онлайн қатысу сілтемесі: <https://bitly.cx/YnH5R>

2. Қоғамдық тыңдау 2025 жылдың 20 наурыз сағат 16:00-да Байқоңыр қаласы, Абай көшесі 16 үй 406 кабинет. Онлайн қатысу сілтемесі: <https://bitly.cx/YnH5R>

кабинет. Онлайн қатысу сілтемесі: <https://bitly.cx/YnH5R>

Жоспарланған қызметтің бастамашысының реквизиттері мен байланыс деректері: ЖШС GREENORDA PROJECT, Байқоңыр қаласы, Абай көшесі 16 үй 406 кабинет; тел.: 8(708)1116596 info@greenorda.kz. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен танысуға болатын, сондай-ақ жарияланған протоколмен танысуға мүмкіндік беретін интернетресурсына сілтеме: <https://ecportal.kz/>

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның мекен-жайы: "Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі prd@korda.gov.kz Тел/ 8(7242) 60 53 62 / 60-53-61

Объявление о проведении общественных слушаний

TOO GREENORDA PROJECT: Проект нормативов допустимых выбросов загрязняющих веществ в атмосферу для полигона ТБО по адресу г.Байқоңур пл.9 УСОГ.

Населённые пункты, на которые может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания: г. Байқоңур, поселок Төретам.

1. Начало проведения общественных слушаний в поселке Төретам, ул.Жанқожа батыр 16 в 10:00, 20.03.2025, ссылка для онлайн подключения: <https://bitly.cx/YnH5R>

2. Начало проведения общественных слушаний г. Байқоңур, ул. Абая 16 кабинет 117 в 16:00, 20.03.2025, ссылка для онлайн подключения: <https://teams.microsoft.com/meet/461306882895?r=YcvC6fClVmlO4KHzKY> Срок проведения открытого собрания может быть продлен до пяти последовательных рабочих дней по решению участников общественных слушаний. Реквизиты и контактные данные инициатора: TOO GREENORDA PROJECT г. Байқоңур, ул.Абая дом 16 кабинет 406 Тел./email: 8 (708)1116596 info@greenorda.kz

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернетресурс местного исполнительного органа для ознакомления с материалами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний: <https://ecportal.kz/>;

Электронный адрес уполномоченного органа в области охраны окружающей среды: Коммунальное государственное учреждение "Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области" prd@korda.gov.kz тел/ 8(7242) 60 53 62 / 60-53-61.



• АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫ СЫР ШЕРТЕДІ



Ауған соғысы талай жанның жүрегіне өшпес дерт қалдырғаны баршаға аян.

Ауған жеріне соғысқа аттанған кейбір қазақ жігіттерінің өлі денелері темір табытпен Отанға қайтарылды, бауыр еті балаларынан айрылған қаншама отбасы қара жамылды, перзенттерін қайта көре алмай шерменде болған ана жүректері қарс айрылған еді.

Сол сұрапыл соғысқа қатысып, қанды қырғынның ортасында от кешіп елге аман-есен оралған, сондай-ақ, ерлікпен қаза тапқан Ауған соғысы ардагерлерін еске алу, олардың ерлігін дәріптеу кейінгі ұрпақ міндеті.

Осындай ержүрек батырларымыздың бірі – Байқоңыр қаласындағы архив сөрелерін жаңа құжаттарға толықтырған Ауған соғысының ардагері, жеке тектік қор иесі Марат Сәдуақасұлы Сәрсенов.

АУҒАН АСУЫНДА ОТ КЕШКЕН

Марат Сәрсенов 1961 жылы 20 наурызда Қызылорда облысы, Қазалы қаласында дүниеге келген.

1967 жылы жалпы білім беретін №100 «Кентүп» мектебінің 1 сыныбына қабылданып, 1977 жылы аталмыш білім ордасын тәмамдап, 1979 жылы кәсіптік техникалық училищесін тракторист мамандығы бойынша бітірген жас маман сол жылы әскер қатарына шақырылып, елден жырақтап кете барады.

Әскери өмірінде ол Ауған соғысына қатысып, танк жүргізушісі болады. 1981 жылы ақпан айында әскери міндетін атқарып, қатардағы жауынгер ретінде елге аман оралады.

Елге аман-есен оралған Марат Сәдуақасұлы отбасын құрып, үш қыз тәрбиелеп өсірді. Жаны қалайтын сүйікті ісі ұсталықпен айналыса. Ағаштан түйін түйген Мараттың қолынан шыққан небір көлонер бұйымдары талай үйдің төрінен орын алғаны сөзсіз.

Интернационалист-жауынгер Марат Сәрсеновтің Ауғанстандағы ержүректігі ескеріліп, «Ауғанстандағы соғыс қимылдарының аяқталғанына 25 жыл», «Ауғанстандағы 40-шы армияның

тапсырмаларды орындауына 30-жыл», «Ауғанстандағы соғыс қимылдарының аяқталғанына 30 жыл», «Кенес әскерлерінің Ауғанстаннан шығарылғанына 30 жыл» мерекелік медальдарының, «Байқоңыр» ғарыш кешенінің дамуына үлес қосқаны үшін «Еңбек», «Абырой», «Құрмет» төсбелгісінің, «Байқоңырға-55 жыл» төсбелгісінің, «Байқоңырға-65 жыл» естелік медальдарының иегері атанды.

Ауған соғысының ардагері Марат Сәрсенов 1921 жылдың 5 мамырында мезгілсіз өмірден озды. Артында қалған жары мен қыздары Байқоңыр қаласында тұрады.

Марат Сәдуақасұлы Сәрсеновтің құжаттары «Қызылорда облыстық мемлекеттік архиві» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Байқоңыр қалалық архиві» филиалының «Ауған соғысының ардагерлері қор коллекциясына» қабылданып, қазіргі таңда мемлекеттік сақтауда.

Фаруза СҮЛЕЕВА,

Байқоңыр қалалық архиві филиалының архивісі

• МАМАН КЕҢЕСІ

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАНУАРЛАРЫН БІРДЕЙЛЕНДІРУ (СЫРҒАЛАУ, ТАҢБАЛАУ, ЧИПТАУ) ЖҮРГІЗУ

Ауыл шаруашылығы жануарларының төлі мынадай жасқа жеткен күнінен бастап он төрт жұмыс күнінен кешіктірмей бірдейлендіріледі: бұзаулар, қозғалар, лақтар, боталар – туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін; құлындар – төрт айлық жасынан бастап (таңбалау кезінде), туған күнінен бастап жеті күн өткеннен кейін (чиптеу кезінде).

Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру үшін «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы №7-1/68 бұйрығына сәйкес көрсетілетін «Ветеринариялық паспорт беру» мемлекеттік қызметінің көрсетуіне қойылатын негізгі талаптардың тізбесі арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке немесе заңды тұлға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) ветеринариялық ұйымға не портал арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінім ұсынады. Ветеринариялық ұйымның жұмыскері келіп түскен күні өтінішті тіркеуді жүзеге асырады және оны ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкерін тағайындайтын ветеринариялық ұйымның басшысына жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мерекелер күндері жүргізілген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру одан кейінгі жақын жұмыс күні жүзеге асырылады.

Ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері өтінішті тіркеген сәттен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде оның толықтығын және осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігін тексереді, сондай-ақ дерекқордағы ауыл шаруашылығы жануарының жеке нөмірін тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы толық емес мәліметтерді көрсете отырып не Тізбегінің 9-тармағында көрсетілген негіздер бойынша өтініш ұсынған жағдайда, ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері осы Қағидаларға 6-2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тартуды рәсімдейді және көрсетілетін қызметті алушыға жібереді. Көрсетілетін қызметті алушы толық мәліметтерді көрсете отырып өтініш берген жағдайда, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартуға негіздер болмаған кезде ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспортты рәсімдейді. Ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық паспорт жеке беріледі. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша ветеринариялық паспортты ұсақ мал мен шошқалар тобына (отарына) беруге жол беріледі.

Ветеринариялық паспортқа әрбір ауыл шаруашылығы жануарлары тобының (отарының) жеке нөмірлері енгізіледі. Ауыл шаруашылығы жануарлары шығарылған кезде ветеринариялық паспорт ауыл шаруашылығы жануарының жаңа иесіне беріледі. Ауыл шаруашылығы жануары мен шошқалар тобына (отарына) қағаз нысанда рәсімделген ветеринариялық паспорт болған жағдайда,

жаңа иесіне ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме беріледі. Ұсақ мал мен шошқа жеделі пунктке келгеннен кейін ауыл шаруашылығы жануарының бар жеке нөмірі өзгертілмей, ветеринариялық паспорт рәсімделеді. Тиісті мәліметтер дерекқорға енгізіледі.

Қағаз нысанда рәсімделген ветеринариялық паспорт жоғалған немесе бүлінген кезде осы Қағидаларға белгіленген тәртіппен ветеринариялық паспорт беріледі. Қағаз нысанда рәсімделген жоғалған, бүлінген ветеринариялық паспорттар ауыл шаруашылығы жануарларының иелері осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш берген күнінен бастап жарамсыз деп есептеледі. Берілген ветеринариялық паспортта көрсетілген деректер (мәліметтер) өзгерген кезде көрсетілетін қызметті алушының өтініші негізінде осы Қағидаларға 6-қосымшаға

жұмыс уақытының белгіленген ұзақтығынан тыс құжаттарды қабылдауды және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беруді жұмыс уақытының кестесіне сәйкес белгілейді.

2) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мерекелер күндері жүргізілген кезде өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады). Мемлекеттік қызметті көрсету орындарының мекенжайлары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі:



сәйкес нысан бойынша осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен жаңа ветеринариялық паспорт беріледі. Қажет болған жағдайда ұсақ мал, шошқа тобына (отарына) рәсімделген ветеринариялық паспорттан үзінді-көшірме алу үшін көрсетілетін қызметті алушы ветеринариялық ұйымға не портал арқылы осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш ұсынады.

Ветеринариялық ұйымның жауапты қызметкері үш жұмыс сағаты ішінде өтінішті қарайды және осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық паспортты рәсімдейді. Ауыл шаруашылығы жануарларына ветеринариялық паспорт жеке беріледі. Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша ветеринариялық паспортты ұсақ мал мен шошқалар тобына (отарына) беруге жол беріледі.

1) көрсетілетін қызметті берушінің – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мерекелер күндері қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Құжаттарды қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мерекелер күндері қоспағанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін жүзеге асырылады. Көрсетілетін қызметті беруші

Көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге жүргізілген кезде нысан бойынша өтініш және жеке басын куәландыратын құжат және (немесе) көрсетілетін қызметті алушы өкілінің өкілеттіктерін растайтын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі).

Көрсетілетін қызметті берушілер порталда тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы бір реттік құпиясөзді беру жолымен немесе портал хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат несінің келісімі болған жағдайда, цифрлық құжаттарды іске асырылған интеграция арқылы цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Порталға көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш. Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу), дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметті бастау туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші «электрондық үкіметтің» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық жүйелерден алынатын құжаттарды талап етуге жол берілмейді.

Қармақшы аудандық ветеринариялық станциясы ҚМҚ

КЕЛЕШЕКТІҢ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАРЫ

Олар қандай мамандықтар? Қазір көпшілік жаңа мамандықтар десе елең ете қалады. Онысы түсінікті. Бауыр еті баласының келешекте қандай маман болатынына алдамайтын ата-ана жоқ. Ресей зерттеушілері де 2030 жылға қарай жаңадан 183 мамандық келіп қосылатынын зерттеуіне арқау етті. Әрине, біз тізбелейтін бұл мамандықтар дәл бүгін не 2030 жылы адамзат өміріне ене қалады деген сөз емес. Қазақстан да озық елдердің дамуымен нық теңестіруді көздейтін ескерсек, 2050 жылға дейін жаңа мамандықтар өндіріске еніп қалар деген болжам да жоқ емес. Сонымен жаңа мамандықтарды сала-саласы бойынша жіпке тізелейміз. Алдымен жаратылыстану бағытындағы мамандықтарға орын берсек.

Медицина саласы. Медицина тоқтаусыз жүретін сала. Үнемі дамуы әрі жаңашылдықты талап етеді. Сырқаты күрделі аурулардың диагнозын тура табу, ота жасау, дәрі-дәрмек шығару сынды медицинадағы жауапты міндетті орындауда жоғары білімді мамандар қажет. Ендеше, келешекке адам жанына қызмет ететін медицинадағы мамандықтар мыналар:

IT медик. 2020 жылғы пайда болады. Бұл маман иелері диагностикалық аппараттар арқылы адамның физиологиялық мәліметтерін жасап шығарады. Жеке адамның денсаулық параның бастап барлық аурудың пайда болу себептерін мәліметтер базасына келтіреді.

Генетикалық кеңесші. Маман иесі бір реттік немесе жоспарлы генетикалық анализ жасайды. Науқастың еміне қарай емдеу ісін шешуші рөл атқарады. Мамандық вирустық-бактериялық аурулардың емін табуға жәрдем береді.

Киберпротез және имплантат жасаушы. Сал ауруына шалдыққан адамдарға жасанды ағза жасап, оны компьютерлік диагностикадан өткізетін маман иелері. Жасанды протездер барлық күрделі функцияларды атқаруға мүмкіндік береді.

Ауыл шаруашылығы саласы. 2050 жылға қарай жер әлемде 2 миллиард адам азық-түлікке тәуелді болуы ықтимал. Сол себепті де ғалымдар келешекте ауыл шаруашылығы саласын престиж мамандықтардың қосыны көтеріледі дегенді алға тартып отыр. Ал, жаңа технологиялар ауқымды кең атырапта жұмыс күшін аз пайдаланып, мол өнім алуды қолдайды. Сондықтан да зерттеушілер тауы жылдары бірнеше жаңа мамандықтың ауыл шаруашылығы саласынан айналып өте алмайтынын жарыса айтады. Соның бірнешеуіне тоқталайық.

Агроном-экономист. Жоғары білікті маман шығарылып өнімнің бәсекеге қабілеттілігін және компанияның тәуекел қадамдары мен дағдылар кезінде тығрықтан шығар жол табуына септестіні мамандық.

Сити-фермер. Ірі қалалардың әрі ғимараттарда өсіміздер мен асыл тұқымды жануарлардың өсуіне мүмкіндік беретін мамандық. Артропротез және имплантат жасаушы. Сал ауруына шалдыққан адамдарға жасанды ағза жасап, оны компьютерлік диагностикадан өткізетін маман иелері. Жасанды протездер барлық күрделі функцияларды атқаруға мүмкіндік береді.

ГМО-агроном. Ауыл шаруашылығында генетикалық түрлендірілген өнімдерді қолданатын маман иесі. Биотехнологияның жетістіктерін игеруде генетикалық модификацияланған организмдерді анықтайтын кәсіп түрі.

Агроинформатик. Ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпорындардың жұмысын автоматтандыру арқылы мәліметтер базасын жасайтын мамандық. 2020 жылдан бастап мамандықтар тізіміне қосылды.

Туризм және қонақ үйі саласы. Саяхат құрып, жиһан кезетіндер үшін туризмнің алар орны бөлек. Сонымен бірге іскерлік алаңды бизнес көзіне айналығандарға да қонақ үй ісін бәсекеге асырып маньдыз. Себебі сервистік қызметтер табыс табуының ең жылдам жолы. Келешекте мына мамандықтар да осы екі салаға бағытталған.

Робототехника консерьжі. Қонақ үй қызметіндегі роботтарды басқаратын маман. Бұл мамандықтар бүгінде Америка, Қытай, Жапония елдеріне жолға қойылған. Консерьжі адамдармен байланыс орнатудың тиімді жолын білетін әрі жан-жақты қабілеті бар болуы керек.

Бренд-менеджер. Ерекше аумақтардағы мәдени шараларды виртуалды кеністік тол-

тыруға жауап беретін маман. Бұл мамандық иесі кез келген туристік қызметтегі шаралардың жарық, дыбыс, ақпараттық насихатталуына жауап береді. Қысқасы, көңіл көтеруге жағдай жасайтын универсал маман.

Менеджмент саласы. Менеджмент экономиканың барлық салаларында кездеседі. Сонымен де бір бағыттан екінші бағытқа қызмет ауыстырып кете береді. Болашақта менеджмент саласын өзгерістер күтіп тұр.

Тайм-боркер. Қызметкерлердің бос уақытын сататын маман иелері. Яғни саладағы мамандардың бос уақытын басқаратын маман. Қарапайым тілде айтсақ, офистегі маманның бос уақытын кенесіде өткізбеуіне жағдай жасаушы және сол арқылы ақша табатын маман. Сонымен бірге тайм-боркер өзге елдердің клиенттерімен жұмыс жасайды.

Трендвотчер-форайтер. Экономиканың әртүрлі секторындағы жаңа тенденцияларды бақылайтын маман. Саясат пен мәдениеттегі тұлғалардың, жалпы қоғамның жаңа дүниелерге көзқарасын есепке түсіретін мамандық.

Корпоративтік антрополог. Бұл маман иесі ірі компаниялардағы инновациялық өнімдерді антропологиялық тәсілдер арқылы анықтайтын адам. Бұл қызметті IT саласындағы компаниялар, әсіресе Intel мен Nokia компаниялары сәтті қолданып жүр.

Қаржы секторы. Қаржы айналымын реттейтін экономикадағы бұл салада еңбек ететіндердің де жақасы жоғары. Бірақ, бұл қаржы қызметінен бастау алатындықтан келешекте мамандықтар әлемінен бірте-бірте ығысып, жойылып кетеді. Себебі бүгінде қаржы нарығында краудфандинг пен краудинвестинг бағыттары өте қарқынды дамуда. Дегенмен бұл салада да бірнеше жаңа мамандықтар бар.

Мультивалюталық аудармашы. Дәстүрлі, несиелік, бағамалы валюталарға айырбастау жүйелерін ұйымдастыратын маман. Виртуалды валюталарды реттейді. 2014 жылғы мәліметке сүйенсек, әлемдегі биткойндер айналымы шамамен 11 миллиард долларға жетіп отыр.

Зейнеткерлер жөніндегі мамандықтар. Зейнеткерлер жөніндегі мамандықтар әлемінен бірте-бірте ығысып, жойылып кетеді. Себебі бүгінде қаржы нарығында краудфандинг пен краудинвестинг бағыттары өте қарқынды дамуда. Дегенмен бұл салада да бірнеше жаңа мамандықтар бар.

Женіл өнеркәсіп саласы. 90-жылдары жеңіл өнеркәсіп экономикаының басты драйверіне айналғаны рас. Дегенмен жаңа технологиялардың әсерінен бұл бағыт салалардың біріне ғана айналып кетті.

Техно-стилист. Киім-кешектегі жаңа гаджеттерді декоративті максатта жасайтын кәсіп иесі. Мысалы, арнайы киіммен жабықталған егіз футболкаларды датчиктер арқылы смартфонға таратады, ал екіншісі – футболкалар виртуалды сенсорларды сезінеді. Бұл сауда әлі де алып нарыққа шыға қойған жоқ. Әйтсе де, қолға алса табысты еселейтін мамандық.

Электрондық рецептер программисі. IT мамандары дизайнгерлік киім дизайндарын роботқа немесе 3D принтерге арналған нұсқаулардың пішіміне аузалады. Болашақта тұтынушы оларды пайдалана алады және автоматтандырылған студияда олар үшін өздерінің киімдерін «басып» шығарады немесе тітеді.

ТҮЙН. Ричард Сасскинд пен Даниельдің «Мамандықтар болашағы» атты кітабында жаңа технологиялар дәстүрлі қол еңбегін жеңілдетеді деген тұжырым жазылған. Мәселен, дәрігер емделушімен Skype арқылы байланысады, сәулетші дизайн жасау үшін компьютерлік бағдарламаларды қолданады. Анығында, біз тізбелеген жаңа мамандықтар келешектің дамуына жаңа із салды, экономикасы соны серпін бермек. Бірақ, бір нәрсе ақиқат. Жаңа мамандықтарды Еуропа елдері соңғы уақыттан бері практикалық түрде сынап, орыс жұрты болашаққа әріден көз тастап отыр. Ал, Қазақстан жаңа маман иелеріне дайындауға қаншалықты дайын?

Данияр ШАНТЕМІРОВ, №185 мектеп, Т.Комекбаев ауылы

ХАБАРЛАНДЫРУ!

«БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫН ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ» МЕМЛЕКЕТТІК УНИТАРЛЫҚ КӨСПОРНЫ ҚР Экологиялық кодексінің 96 бабына сәйкес 18.03.2025 ж. 15:00-де Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Носова к-сі, №14 үйде, 2025-2029 жылдарға арналған Байқоңыр қаласының «Тұрғын үй шаруашылығы» мемлекеттік унитарлық кәсіпорны биотермиялық шұңқырды бар мал қорымынан және медициналық қалдықтарды қалдықтарды шығарушы пештен атмосфералық ауаға ластанушы заттардың жол берілетін шығарындары нормативтерінің жобасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарына қосымша арналған ашық жиналыс түріндегі қоғамдық тыңдау өтетіндігін хабарлайды.

Бірінші экологиялық порталға және жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсына сілтеме: https://ecoportal.kz/ және ЖАО веб-сайты https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/

directions?lang=ru ZoomКонференция: https://us04web.zoom.us/j/79037398745?pwd=UnQlLWw0SWhzX5EKTmEFeVb2NjN0Y0.1 Конференция идентификаторы: 790 3739 8745 Кіру коды: nad3Tz Жергілікті атқарушы органның электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайы: Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kz Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, тел: 8-(7242)-60-53-62. Белгіленген қызметтің бастамашысы: «БАЙҚОҢЫР ҚАЛАСЫ ТҮРҒЫН ҮЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ» МЕМЛЕКЕТТІК УНИТАРЛЫҚ КӨСПОРНЫ. БИН: 121050003888. Тел: 8-777-752-33-51 e-mail: gupjh-baik@mail.ru Жобаны жасақтаушы: «ЭКО-ОРДА» ЖК ҚР, 120000, Қызылорда қаласы, Сырдария мөлтек ауданы, №20 үй, кв.39. Тел. +777 785 13 46. e-mail: ecoorda@bk.ru

ОБЪЯВЛЕНИЕ!

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УНИТАРНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЖИЛИЩНОЕ ХОЗЯЙСТВО ГОРОД БАЙҚОНУР» в соответствии с требованиями ст.96 Экологического Кодекса РК, сообщает, что 18.03.2025 годов в 15:00 по адресу: Кызылординская область, г. Байқоңыр, ул. Носова, дом №14, состоится общественные слушания в форме открытого собрания по проекту Проект нормативов допустимых выбросов (НДВ) загрязняющих веществ в атмосферный воздух от скотомогильника с биотермической ямой и пни-утилизатора медицинских отходов ГУП «Жилищное хозяйство» города Байқоңур, ПЭК, ПУО, ШПМ на 2025-2029 годы.

Ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа: https://ecoportal.kz/ и сайтМИО https://www.gov.kz/memleket/entities/kyzylorda-tabigat/activities/directions?lang=ru ZoomКонференция:

https://us04web.zoom.us/j/79037398745?pwd=UnQlLWw0SWhzX5EKTmEFeVb2NjN0Y0.1 Идентификатор конференции: 790 3739 8745 Код доступа: nad3Tz Электронный адрес и почтовый адрес местного исполнительного органа: Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области: prd@korda.gov.kz, a.koszhanova@korda.gov.kz г. Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, № 1, тел: 8-(7242)-60-53-62. Инициатор намечаемой деятельности: ГОСУДАРСТВЕННОЕ УНИТАРНОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ «ЖИЛИЩНОЕ ХОЗЯЙСТВО ГОРОД БАЙҚОНУР». БИН: 121050003888. Тел: 8-777-752-33-51 e-mail: gupjh-baik@mail.ru Разработка: ИП «ЭКО-ОРДА» РК, 120000, город Кызылорда, мкр-н. Сырдария, дом №20, кв. 39. Тел. +7 777 785 13 46. e-mail: ecoorda@bk.ru

• ТАЗАЛЫҚ

ЖОСАЛЫМ – ЖҰМАҚ МЕКЕНІМ

Тазалық – денсаулық пен тәртіптің кепілі. Әр адам өзі өмірі сүріп жатқан қоғамдағы қоршаған ортаның тазалығына үлес қосса, ол өмір сүріп жатқан аудан да, аула да таза, ауыл және қауіпсіз болар еді. Менің тұрғылықты мекенім – Жосалы кенті.

«Өркімнің туған жері өзіне ыстық» дегендей, мен өзім туып-өскен елімді жақсы көремін.

Жосалы кентінің тұрғындары маған жақсы таныс, көшелері де таза. Кентіміздің көркеюі мен гүлденуі үшін қызмет жасап жатқан аға-анапаларымыздың еңбегі зор. Кішкентай жүрегімінен ол кісілерге алғысым шексіз.

Сондықтан өскенде өзім туып-өскен Жосалымын көркеюіне менде өз үлесімді қосамын. «Ауылымның гүлденгені – қазақ елінің гүлденгені» – деп ойлаймын.

Менің тазалыққа қосар өз үлесім жайлы айтар болсам, бірінші кезекте өз аулама және білім алатын, қосымша білім беретін –

Оқушылар үйі ауласына қоныс тақтамауға және ол жайлы үнемі бірге жүретін достарыма айта жүремін.

Сонымен қатар, қоқысты тек қоқыс жәшіктеріне саламын, жасыл желек қоршаған ортаны таза ұстауға көмектесемін, сондықтан мен

ЖОЛЖАЗБА

«Қасқыр мен журналисті аяғы асырайды», – деген екен жазушы әрі журналист Шерхан Мұртаза.
Расыменде, тілші қауымының баспайтын тауы, бармайтын жері жоқ. Іссапарға қызмет бабымен жиі-жиі шығатын мамандық иелерінің бірі осы – қолына қалам ұстаған қауым десек, қателесе қоймаспыз.
Әрине, іссапарлардың бәрі бірдей есте қала бермейді. Әйтсе де кейбіреуінің көкіректе жазулы хаттай сайрап тұратыны бар. Солардың бірі – Арал ауданына, Көкарал сапары.
2005 жылдың тамыз айының бесінші жұлдызы – адамзат тарихындағы айтулы күндердің бірі ретінде кәрі тарих бетіне жазылып қалды. Бұл, әсіресе, Әбдіжәміл Нұрпейісов жазған «Қан мен тер» романындағы балықшылар қауымының бүгінгі ұрпағы үшін алабеттен қуанышты күн болды.
Төртінші тамыз күні аймағымыздағы ақпарат құралдары өкілдерінің бір тобы (автокөлік жүргізушісімен қоса есептегенде барлығы 13 адам) Арал ауданы, Қаратерен

– 50 теңгеден.
– Неге қаладағыдан 2-3 есе қымбат?
– Біз нанды «Зарубежводстройдың» жұмысшыларына тапсырыспен дайындап, осы бағаммен сатамыз.
– Жарайды, 20 белесін бере қойыңыз.
Қабырғалағы ағаш сөрелер әртүрлі тауарға толып тұрғанымен асқазанды жұбататын ештеңе көзге іліне қоймады. Әлхайдар: «Қалбырдағы «кильки» балығын алайық» деп ұсынысын айтты.
– 15 дана «кильки» бере қойыңыз, – дедім мен. Сатушы апам сұрағанымызды дереу беріп жатыр. «Әйтеуір «Чипис», «Кириешки» мен түрлі сусындардан өзге жейтін бірдене табылды-ау!» деп жігіттер қуанып-ақ қалған. Қуанбай қайтсын, он сағаттан астам (қараңғыда адасқанымыз бар) жолды артта қалдырып, қияндағы ауылға келіп тұрмыз. Күн жұма болатын. Бәріміз де жұмыстан шыға сала үйге кеткенбіз. «Көкарал қайдасың?» деп тартып жөнелді. Асқазаннан да «белгі» түсіп жатыр. Және 15 дана қытай кеспесін алып, барлық азықтарды

қыршын кеткен талантты жыраудың өмірі мен шығармашылығын насихаттау мақсатында «Ақмешіт ақшамы» газетінде «Көшеней» атты арнайы бет ашып, сол бетті жүргізу маған жүктелген еді. Редакцияның тапсырмасымен Қармақшы ауданының Ақжар, Тұрмағамбет ауылдарына барып, Көшеней жыраудың көзін көрген, жырын тыңдаған ауылдастарының әңгімесін жинағаным бар.
К.Рүстембекұлы Тұрмағамбет ауылында туған, Ақжарда мектепте мұғалім болып еңбек еткен. Мәскеу қаласындағы М.Горький атындағы дүниежүзілік әдебиет институты шығыстану бөлімінің аспирантурасына осы Ақжардан аттанады. Сондықтан сапарымды Ақжар ауылынан бастадым. Ауылдағы кітапханада 20 жылға жуық еңбек еткен Күләш Ақмаханованың жеке мұрағатынан Көшенейге қатысты біраз құжатты (түпнұсқа мен көшірмелері), суреттері мен хаттарын тауып, олардың көшірмелерін алдым. Орайы келгендей айта кетейік, Ақжар ауылының кітапханашысы Күләш Ақмаханова

КӨКАРАЛ

ТҮНГІ ҚОНАҚ



Сурет ашық дерек көзден.

ауылын бетке алып жолға шықтық. Сапар мақсаты – солтүстік Арал теңізіне, яғни Кіші Аралға құмды сыйлаған Көкарал тоспасының ашылу рәсіміне қатысып, сүйінші сұрауға тұрарлық жағымды жаңалықты бақылап жұртқа жеткізу. Өлі теңізге есепсіз кетіп жатқан мол суды бөген, оны Кіші Аралға жіберетін ұзындығы 13 шақырымдық бөгеттің ашылуын көзбен көрудің өзі бір ганибет емес пе? (Бұған дейін де аралдықтың өз күштерімен асарлатып бір мәрте бөген соғып, алайда оның соңы қайғылы оқиға ұласқанын жұрт ұмыта қоймаған болар).

Журналистер жасағының бұл сапарын да әдеттегідей облыстық ішкі саясат басқармасы ұйымдастырды. Сырда туғанымен арамды Арал теңізін көрмегендер де бар екен. «О, көк теңізді өз көзімізбен көретін болдық!» деп қуанысып жатқан да солар. Ортамыздағы үлкендеріміз – Серік Пірнарзар («Егемен Қазақстан» газетінің сол кездегі меншікті тілшісі) мен «Кызылордискские вести» газетінің тілшісі Игорь Титенко. «Хабардан» Хадиса Әлімқызы мен Әлхайдар Тұрғыланов, «Қазақстан-Қызылорда» телерайонының Елубай Әуезов пен операторы Бауыржан Қожақұмаров, «Қоғамдық теледидардан» марқұм бауырымыз Сахитжан Бермағанбетов пен операторы Қожақов Ғалымжан, облыстық «Сыр бойы» газетінен Нұрбек Әмиша, шікі саясат басқармасынан оператор Еркебұлан және тағы басқалар бар.

Қызылордалан кешкі сағат бесінің шамасында шығып, Көкарал бөгетінің іргесіндегі балықшылар ауылы – Қаратеренге Қазалы ауданы, Жанақұрылыс ауылының үстімен жүріп, түн жарымында жеттік.
– Егер «Шымкент-Самара» автотрассасы бойымен Қамбаш арқылы Қаратеренге бет алсақ, жол ұзарып кетеді. Мұндай уақыт айтқан көлік жүргізушіміз Алтынбек аға.
Сонымен, «Тойота хайс» маркалы көлігінің жүргізушісі әрі жолбасшымыз айтқан қысқа жолды таңдадық. Облыс орталығынан шығарда ұйымдастырушылар: «Сіздерді ауыл әкімі күтіп алады» деген. Алайда біз шалғайдағы елді мекенге жеткенде құм ортасындағы ауыл қалың ұйқы құшағына еніп те үлгеріпті. Ат басын әкімшілікке тіредік. Тірі пенде жоқ. Кіші әкімнің аяқ астынан аудан орталығына кеткенін әлдеқайда естігенде қабақ шіркін түсіп-ақ кетті.

«Әрі тарт, бері тартпен» біз Әмишаев Айдар есімді жас мұғалімнің үйіне түстік. Ауыл әкімшілігінің маманы солай шешіпті. (Ауылда қонақ үй қайдан болсын?)
Айдар жайдары мінезді жігіт екен. Самурыңа шай қоя жүріп сұрыт таза аса жұтып тұрған жігіттерге өзінің «Жас маманға – 1000 үйі» бағдарламасының аясында жұрда ғана баспаналы болғанын, мұнда әлі толық көшіп келе қоймағанын жеткізді. Беймезгіл келген қонақтарды қалай күтемін деп қысылып тұрғанын жүзінен байқалып тұр. Кімге болса да жеті түнде сау етіп жетіп келген бір қора жанын жағдайын жасау оңай шаруа емес, әрине. Өзімізше ақылдасып алып Айдардан: – Ауылда дүкен бар ма? – деп сұрадық.

Үш-төрт жігіт қараңғыда дүкенді әзер таптық. Итерді алабытып жүріп, дүкен несің шырғт ұйқысынан оятуға тура келді. Бір тәуір, шағын қоржын тамға орналасқан дүкеннің несі біздің мезгілсіз уақытта келгенімізге ренжі қоймады. Сірә, тұтынушының беймезгіл келгеніне үйреніп кеткен болса керек. Қара қарғаның миы айналатын 40 күн шілденің іші емес пе, түн жарымынан ауса да дүкеннің іші әлі аптап ыстық. Сауданы бастап та жібердік: – Апа, нан қаншадан еді?

дорбаға салғалы жатқанбыз. Кенет қалбыр сыртындағы жазуға көзім түсіп кеткені. «Мәссаған, безгелдек!» Біздің алып жатқан «килькіміз» осыдан тура 4 жыл бұрын, яғни, 2001 жылы шығарылған екен. Сақталу мерзімі көрсетілмейті. Қоймада ұзақ жатып қалды ма, әлде шалғайдағы ауылда өз тұтынушысын таппаған ба, ол арасын болжап болмадық. Деруе:
– Апа, мынаның жарамдылық мерзімі өтіп кеткен екен. Ешкім ұланып қалған жоқ па? – деп сыпайылап сұрап жатырмын.
– О не дегенің, балам. Осы ауылдың жүгермектері арақ алғанда «тіске басарға» үнемі осы «килькиді» алады. Бірақ әлі күнге ұланып өлген ешкім жоқ. Ала беріндер, ала беріндер, – деп бөйек болып жатыр.
«Тауекел» десіп, оның 15 дана қалбырын, қытай кеспесінің сонша данасын жол дорбамызға тоғытып, Айдардыкіне тарттық. Келсек, шай да дайын болыпты. Дастарқан басына ұйқылы-оюу әріптестер түгел бас қосты. Ойға алып қалғандықтан ба екен, қалбырдағы балыққа қарай алмай, асқазанды сексеуіл шоғымен қайнаған қою күреш шаймен жұбаттуға тура келді. Алыс жолдан шаршаған қыздар жағы бір-екі шыныақ шайдан соң тынығуға кетті.

...Үй егесі ергесіне құлқын сәріден тұрып, келіншегіне қазан көтергізіпті. Салт бойынша қазанға қонақтан қадірлі ешкім жоқ. Өзге жұртта кездесе бермейтін қазан қонақжайлық деген осы. Шақырылмаған бір қора жанға жатын орын дайындап, дастарқанын қабақ шытпай жаятын, бар болса қазан көтеретін бізден басқа дархан халық жұмыр жердің бетінде жоқ шығар, сірә?! (Өзіміздің бойымыздағы жақсы қасиетті, мақтанаш тұтқанның артығы жоқ шығар?!)
Ертесіне күн найза бойы көтерілген тұста Ұлы теңіз бен Кіші Аралды бөліп тұрған Көкарал бөгетінің ашылу рәсімі болды. Көз алдымызда – көк теңіздің бір бөлігі. Салтанатты шараға Көкаралға тікұшақпен жеткен Үкімет басшысы, аймақ басшысы мен Арал және Қазалы аудандарының әкімдері, іргелес жатқан қос ауданның ардагерлері мен балықшылары қатысты.

Әрине, бұл туралы кезінде барлық басылым жазды, телеарналар жедел ақпаратты сол күні кешкілік жарыса беріп жатты. Қалың қауымға қажетті ақпаратты жедел жеткізу үшін жеті тәуліктің бір айналмай келетін жексенбісі күні де демалмай, тынымсыз жұмыс істейтін тілші қауым кейде бір-бір жарым тәулікте 600-800 шақырымды (біздегі елді мекендерге баратын автожолдардың қандай жағдайда екені өздеріңізге мәлім) жүріп өтеді. Сондағысы жағымды жаңалықты ел-жұртқа дер кезінде жеткізу. Журналист ағайынға жүктелетін жауапкершіліктің қаншалықты ауыр екенін осыдан-ақ бағамдай беріңіз.
Сонау 2002-2005 жылдары облыстық теледидарда еңбек еткен аз ғана уақытта редакторымыз Несібелі Рахметова: «Бұл жұмысты жақсы атқарсаң да, шала атқарсаң да естітіңіз бір атана нәлет. Телевидениең «жаңалықтар қызметі» түсініген жаңа жанғып тұрған от қой, от» дейтін....
Былайғы жұртқа оңай көрінетін тілші қауымның қызығы мен қиындығы қатар жүретін өміріндегі осы бір еріксіз езу тарттыратын оқиғаны осымен тәмамдауға да болар еді. Тағы бір шағын хикаяның желісі еске түсе кеткені.

2006 жыл. Сәуірдің соңғы күндері болатын. Осы жылдың тамызында әйгілі Жиенбай жыраудың немересі Көшеней Рүстембекұлы егер көзі тірі болғанда 60 жасқа толған болар еді. Небәрі 27 жасында

қолындағы бар дүниені 2006 жылы аудан орталығы – Жосалы кентінде ашылған Көшеней Рүстембеков атындағы жыраулар үйіндегі мұражай-кабинетке өткізді. Келер ұрпақ үшін құнды дүниелерді ұзақ жылдар бойы көзінің қарашығындай сақтап, оны мұражайға өткізген Күләш апайдың еңбегі қандай құрметке болса да лайық. Мұны ескеруіңіз қалдыру әбестік болар еді.
Сол сапарда Ақжардан кейін Тұрмағамбет ауылына бардым. Шежірешіл карт Запа Дәулетбаев ақсақалдан оның жақын інісі Қаппар деген кісіден Көшеней Рүстембеков, жырау Қуандық Бүрлібаев туралы қызықты әңгімелер тыңдалым. Сапарда жинаған дүниелерді басылым бетінде бірнеше ай бойы жариялап, жыраулық өнердің құты дарыған дара дарын туралы мақалалар сериясын ұсындық. Арнайылап іздеп шыққан жұмысыма қатысы болмаса да жүз жырау шыққан ауылда тұратын Майтан атты әжейдің мына бір әңгімесін жолжазба блокнотқа түсіріпін.

Майтан Маханбетова бүкіл саналы жұмырын өскелең ұрпақтың тәрбиесіне арнаған жан. Ол ауылдағы іргетасы өткен ғасырдың 1925 жылдары қаланған №29 мектепте 40 жылға жуық ұстаздық еткен. (Кезінде мұнда майдангер-ақын Ә.Егізбаев балаларға сабақ берген. Осы сағат ашу мектебінде атақты шайыр Т.Ізтілеуовтің өзі мұғалім болыпты деген ауызша дерек бар). Сексен жастан асқан Майтан әжейден есте қалған қызықты бір оқиғаны айтып беруін өтіндім.
«Жастау кезіміз. Жұмыстан келген соң кешкілік сиыр сауып отырғанмын. Қарасан келіргіді малы тентектеу еді, теуіп жібергені. Ашуланды: «Мал емес, шошқа екенің!» – деппін. Мұны жақын жерде жүрген отағасы есітіп қойыпты. Шалым Пірімжар жасынан мұсылманылық жолын беріп ұстаған молда адам еді. Кенестік дәуірдің өзінде жұрттан жасырып, күндіз терезені қараңғылап қойып намаз оқитын. Діреу «тойт!» деп тыйып тастады. Қарасан жүзі қауаты екен. Ұрысар деп ойландым. Маған қарата: – Сындыр бас жібін шешіп алып, көшеге алып шық! – деп бұйырды. Жаған құлда шаршау бар ма, айтқанын екі етпей орындадым. Сындыр жетекке алған мен алда, ол сонымызда, көшені жағалап, жеті үйді аралап шықтық. Сол жеті үйдегі ауылдастардан отағасының тапсырмасымен: «Мынау шошқа ма, әлде сиыр ма?» деп сұрап шықтық. Бұл іске тантамаша қалған көршілеріміз: – Әрине, сиыр, – деп жауап қатып жатты. Мұны қызық көрген ауылдың бар баласы сонымызға еріп жүр. Сөйтіп көршілерден куәлік алып болған соң үйге оралдық. Сындыр үйреншікті орнына байлап, сауып алдым. Осы оқиғадан соң өмірімде «шошқа» деген сөзді ауызға алған емеспін. Молда шалымның бұл тыйымы бүкіл ғұмырыма сабақ болды. Пірімжар молда әулие адам еді ғой, жарықтық», – деп аяқтады әжей әңгімесін.

Біз осы күні дүкендер мен сауда үйлерінен «Халал ет», «Халал шұжық» деп адал асты іздеп жүріп аламыз. Халал стандартын Оңтүстік Шығыс Азиядағы Малайзия мемлекеті тағамға ғана емес, білімге де, денсаулық саласына да, басқаға да баяғыда енгізіп қойыпты. Соның нәтижесінде бір кездері жолбарыс жортқан ну орманда тұратын малай халқы қазір әлемнің мықты дамып келе жатқан елдерінің бірінен саналады. Сол Малайзияның үлгісін енгіземіз деп жүрсек, мұсылманылықтың жолын беріп ұстанған кейбір аталарымыз оны бұрыннан өмірлік салтқа айналдырған екен деген ойға келдім.

Енді екі сапардың ерекшелігіне келер болсақ, әуелісінде әкімшіліктің тапсырмасымен жүресін. Ондайда елмен де араласа алмайсың. Оған уақытың да болмайды. Билік бекітіп берген көліктен қалып қоймайын деп жүргіріп жүргенің. Ал іссапарға өз бетіңмен шықсан елмен емен-жарқын араласып, әңгімеге армансыз қанасың.
Бұрынғылар «Кен асылы – жерде, сөз асылы – елде» деуші еді. Сол рас сөз. Елде әлі де болса жиналмай жатқан ескі әңгімелер баршылық. Соларды ерінбей жинап, жүйелеп бір ізге түсіретін орталық болса шіркін, деп ойлайсың. Ал, елге шығу бір арман.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Құттықтау

Байқоңыр қаласы «Мансап орталығы» филиалының Еңбек ресурстарын мониторингілеу, болжау, оқыту және кәсіпкерлік бастамаларды қолдау бөлімшесінің басшысы Бержанова Айсулу Бержанқызына!

Құрметті Айсулу Бержанқызы! Сізді туған күніңізбен шын жүректен құттықтап, деңізіңізге саулық, отбасыңызға бақ-береке, өміріңізге бақыттың байлығы мен шаттығын тілейміз. Әрдайым биязы мінезіңізбен, ұжымдастар арасында сыйлылығыңызбен үкілеп өсірген ұрпақтарыңызбен бірге бақытты өмір сүріп, аяулы жар, ардақты ана, қадірлі әріптес деген құрметті атақты арқалап жүре беруіңізге тілектеспіз.
Бақ-берекең баянды, жарқын болсын, Айналаңа жақсылар жақын болсын. Туған-туыс, бауырдың ортасында, Беделің мен құрметің биік болсын, – деген игі тілегімізді мерекелік шөк гүлі ретінде ұсынамыз.



Ақ тілекпен ұжымдастарыңыз

БІЛІМ

ОҚУШЫЛАРҒА САПАЛЫ БІЛІМ БЕРУ- ҰСТАЗ МІНДЕТІ



Жақында Ақжар ауылындағы №28 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуда инновациялық әдістерді енгізу арқылы білім беру сапасын арттыру, педагогикалық үдерісте заманауи технологиялар мен шығармашылық тәсілдерді тиімді пайдалану, оқушылардың білім алу деңгейін көтеру мақсатында «Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытудағы инновациялық әдістерді қолдану арқылы білім сапасын арттыру» тақырыбында аудандық семинар өткізілді.
9.10-сынып оқушыларының шараға қатысушыларға арнаған құттықтау тілектерімен ашылған семинарда әрі қарай 8.9 сынып оқушылары ән мен жыр, терме орындаумен жалғастырды.
Содан соң, интербелеңді тақта арқылы семинардың жоспары таныстырылған соң, мектеп директоры Амантұр Оспанов шараңың өткізілу мақсатымен таныстырып, құттықтау сөз сөйледі.
Әрі қарай семинар өз жұмысын

жалғастырып, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері ақпараттық технологияларды қолданудың мүмкіндіктерін қарастыра отырып, ашық сабақтар, білім сапасын арттыру үшін жаңа әдістерді тәжірибе арқылы қолдануға бағытталған коучингтер өткізді.

Сонымен бірге, семинарда 8-11 сынып оқушылары шешендік сөздерден сахналық қойылым қойып, айтыс өнерін насихаттады.

Семинар қорытындысында аудандық білім бөлімінің әдіскері Мөлдір Жұмаева және семинарға қатысушылар тақырып аясында өз ойларын ортаға салып, пікірлерін зерделде және семинарды жоғары дәрежеде өтті деп бағалады.

Семинар қатысушыларға оқу процесін жаңаша көзқараспен қарауға мүмкіндік берді. Инновациялық әдістер арқылы оқушылардың оқу мотивациясын арттырып, олардың пәнге деген қызығушылығын нығайтты.

Өз тілшімізден

ҮКІЛІ ҮМІТ

БОЛАР БАЛАНЫҢ БЕТІН ҚАҚПА...

Қазіргі таңда мектеп қабырғасынан бастап оқушыларды көп-басылыққа үйретуде, жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеуде «Жас ұлан» ұйымы ерекше рөл атқарады.
Ұйым – оқушыларды бір ту астына жинап, бірлікке, достыққа, ұйымшылдыққа шақырып, іс-шараларды өздігінен жүргізуге бағыттайды.
Мектебіміздегі «Жас ұлан» ұйымына «Ұланбасы» бола білген, жас болса да бас бола білген Жаншуақ Қорғанбековтың жетістігімен бөліспешімін.
Менің мектебім – Төретам кентіндегі №85 орта мектебі. Қырық бес жылдық тарихы бар қара шаңырақтың әрбір білім алушысы өнерлі десем де жарасалды.
Жақында кент орталығындағы мәдениет үйінде М.Мақатаевтың туған күніне орай ұйымдастырылған «Есіңе мені алғайсың» атты кеште Жаншуақ «Өңші бұлбұл» бөлімі бойынша өнер көрсетіп, бас жүлдені қанжығасына байлады.
Ұланбасы сайлауда тағы бір қателеспегінімізді байқдық. Жаншуақ үнемі аудандық облыстық және республикалық сайыстарда төбе көрсетіп, жеңімпаз атанып келеді. Былтыр оқу жылынан бастап ақылдар айтысына да қатысып, өзінің бағын сынап жүр. Алдағы уақытта Жаншуаққа тілерміз, жолың әрқашанда ашық болсын, күндерің шуақты, болашағың жарқын болсын демеуіміз!



Аяна САМАЛБЕКОВА,
№85 орта мектептің 5 сынып оқушысы, жетекшісі мектеп тәлімгері Ләззат Кабарова

Menшік иесі: «Бәйтерек» газеті жауапкершілігі серіктестігі
Редатор Нұрбай Жанәділов +7 777 498 09 46 nurbai64@bk.ru baiterek.2022@mail.kz
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат министрлігінде 2006 жылдың 24 қазанында қайта тіркеліп, №7847-Г куәлігі берілген. Қолжазбалар өңделді және кері қайтарылмайды. Жеке автордың пікірі редакцияның түпкілікті қозғарсын бекітпейді.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медна» ЖШС баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №4 А. Тапсырыс №237. Таралымы 2300 дана
Мекен-жайы: Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі, нөмірсіз, Қармақшы аудандық Ардагерлер үйі